52 класс



Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындысы  
Заключение психолого-медико- педагогической консультации

Мекен-жайы/Адрес: г.Актобе, ул. 101 стрелковой бригады 10А, тел: 522525

Берілді Бурхан Мерган 31.12.10.  
Выдано \_\_\_\_\_

кенестен өткені жайлы 11 күні 10 айы 2022 жыл

в том, что был (а) проконсультирован (а) \_\_\_\_\_ числа \_\_\_\_\_ месяца 2022 года

1. Қорытынды / Заключение

Мекен адресіне жіберілді. Форматты және құрылымын тиіс сипаттама жасау - тапсырма берілді.


2. Білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар // Рекомендации по образовательной программе и особым образовательным потребностям:

- 1. Рекомендовано обучение по индивидуальной учебной программе судного сурдопедагога.
- 2. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения в соответствии с индивидуальной программой;
- 3. При обучении использования учебников, рабочих тетрадей для детей с нарушениями интеллекта;

Занятия с рекомендациями по использованию учебников/тетрадей

Заключение и рекомендации действительны до 01.09.25г.

ПМПК меңгерушісі  
Заведующий ПМПК




Каражанова Г.Б.

Мамандар / Специалисты:

Мамандар: Педагог, психолог, дефектолог

Каражанова Г.Б.





Психологическо-педагогическо-педагогическа консултантска програма  
Заклучение психологическо-педагогическа консултантска програма

Место: село Алекс. Октябрь, ул. 101, стрелковой бригады (0-5, код: 32222)

Период: сентябрь 2022 - 01.05.2023  
Выданно: \_\_\_\_\_

количество страниц: 08 кучи 11 от 2022 года

в год, что был (а) проведен (а) \_\_\_\_\_ (а) \_\_\_\_\_ (а) \_\_\_\_\_

1. Краткая информация

Информация о заведении: Республиканский центр  
Формирование функциональных навыков и личностных  
качеств учащихся в процессе обучения в школе

Ученики берут на себя ответственность за свои действия. Они берут на себя ответственность за свои  
действия. Рекомендации по образовательной программе и условиям образовательных  
потребностей.

1) Рекомендовано обучение по базовой образовательной программе.

Заключение с рекомендациями, сделанное по результатам  
работы.



Заключение и рекомендации выданы \_\_\_\_\_ от 01.05.2023  
Психологическая консултантска програма  
Заведущая ППМК Александрова Г. В.

Место: село Алекс.

Инициалы: Д. В.  
Фамилия: Д. В.  
Инициалы: Д. В.  
Инициалы: Д. В.

Инициалы: Д. В.  
Фамилия: Д. В.  
Инициалы: Д. В.

Бекітемін *А.А.А.*  
 Мектеп директоры А.Абжалелова  
 «01» 09 2021 жыл

«№69 жалпы білім беретін орта мектебі»КММ бойынша *психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумның* отырыстарының  
 жоспары  
 2021-2022 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Күтілетін нәтиже	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. 2021-2022 оқу жылына ПМПконсилиум жоспарын, ПМПконсилиумқұрамын бекіту 2. ҚР БЖҒМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік ұсынымдарымен, қалалық білім бөлімінің жоспарымен таныстыру 3. 2021-2022 оқу жылына 1-класқа қабылданатын оқушылардың қалыптасуы 4. Мектеп психологтарының оқушыларды жаңа оқу жылындағы зерттеулерінің нәтижесі, үйден оқытылатын оқушылар мен инклюзивті оқытылатын оқушылардың тізімін анықтау 5. Үйден оқытылатын оқушылар мен инклюзивті оқытылатын оқушылардың оқу бағдарламаларын талқылау	Мектептегі оқушылар жан-жақты зерттеледі, инклюзивті оқытылатын оқушылардың тізімі анықталады	Қыркүйек	Педагог-психолог ПМПконсилиум мүшелері
2	1. 1,5,10 кластардағы оқушылардың бейімделу мерзімін зерттеу қорытындысы 2. Әр түрлі ауруымен байланысты әлсіз оқушылар тізімін анықтау 3. Сабақтан көп қалатын, кешігетін оқушылар туралы мәлімдеме жасау	1-сынып оқушыларының бастауыш буынға, 5-сынып оқушыларының орта буынға, 10-сынып оқушыларының жоғары буынға бейімделуі анықталады	Қазан	Педагог-психолог ПМПконсилиум мүшелері
3	1. Мектеп психологының I жартыжылдық бойынша түзету дамыту мақсатында жұмыстар жүргізу 2. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың мектепішілік, аудандық, облыстық іс-шараларға қатысуы	I жартыжылдықтағы түзету-дамыту жұмыстарының анализдері алынады	Желтоқсан	Педагог-психолог ПМПк мүшелері
4	1. Болашақ мектепке қабылданатын даярлық топ тәрбиеленушілерінің мектепке психологиялық дайындықтарының деңгейін анықтау 2. ПМПконсилиум мүшелерінің жыл бойы жүргізген жұмыстарының қорытындысы	Болашақта 1-сыныпқа қабылданатын оқушылардың мектепке психологиялық дайындық деңгейлері анықталады, жылдық жұмыстар қорытындыланады	Мамыр	Педагог-психолог ПМПконсилиум мүшелері

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

*К.Кайболдинова*

К.Кайболдинова




  
/ «Бекітемін»  
Мектеп директоры А.Абжалелова

**2020-2021 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық  
консилиум жұмысының жұмыс жоспары**

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Дайындық кезеңі	Тамыз	Мектеп әкімшілігі, педагог-психолог, Сынып жетекшілері
2	Зерттеудің қорытындысы бойынша консилиум	Тамыз	Мектеп әкімшілігі, педагог-психолог, Сынып жетекшілері
3	Психологиялық ұсыныстар	Жыл бойында	Педагог-психолог Пән мұғалімдері
4	Жедел консилиум	Сұраныс бойынша	Мектеп әкімшілігі, педагог-психолог, Сынып жетекшілері
5	Жоспарлы консилиум	Желтоқсан Мамыр	Мектеп әкімшілігі, педагог-психолог, Сынып жетекшілері

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары



К.Кайболдинова



Бекітемін  
Мектеп директоры А.Абжалелова

**«№69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ бойынша психологиялық – педагогикалық консилиум мүшелері**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Лауазымы
1	Абжалелова Айгул Амангелдиевна	Мектеп директоры
2	Кайболдинова Куралай Сандигалиевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Кенжебекова Гулистан Аюбаевна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4	Саламатова Нурида	Мектеп дәрігері
5	Саин Акмарал Ғабитқызы	Педагог-психолог
6	Жылқайдарова Айдана	Әлеуметтік педагог
7	Баймуханова Гүлфайруз	Бастауыш класс мұғалімі
8	Жумашева Гулназия	Бастауыш класс мұғалімі
9	Серибаева Гулбануз	Ағылшын тілі пәні мұғалімі



«№69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ  
31.08.2021 жыл педконсилиум хаттамасы  
№1

**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022 оқу жылындағы нұсқаулық хатты оқып танысу, пікір алмасу
2. Биылғы оқу жылында ВКК, ПМПК-ның қорытындысы негізінде ерекше білімді қажет ететін оқушыларды зерттеу, дерекқор толықтыру

**Тыңдалды:**

1. Педагогикалық консилиумның ашылуын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Кайболдинова К.С. биылғы оқу жылындағы толықтырулармен өзгерістерді айта келе мектеп директорының №104-А бұйырығы бойынша педконсилиумның құрамымен таныстырды.

Психологиялық-педагогикалық консилиумның төрайымы – мектеп директоры Абжалелова А.А.

Психологиялық-педагогикалық консилиум тұрақты мүшелері:

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Кайболдинова К.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Кенжебекова Г.
3. Мектеп психологы: Саин А.
4. Әлеуметтік педагог: Жылқайдарова А.
5. Мектеп дәрігері: Саламатова Н

Психологиялық-педагогикалық консилиум уақытша мүшелері:

1. 2 «Ә», 4 «Ә» класс жетекшісі Г. Баймуханова
2. 4 «Б» класс жетекшісі Г. Жұмашева
3. 7 «Ә» класс жетекшісі Г. Серибаева

2. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарында оқытудың ерекшеліктері туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Кайболдинова сөз алды. Әдістемелік нұсқаулықты талдау барысында оқытуды тиімді сапалы ұйымдастыру үшін келесі құжаттардың болуы керектігі ескертіледі.

- мектептің ішкі актілерімен оқу процесін сүйемелдеу
- жеке жұмыс жоспары
- оқу үлгерімі журналы

Ерекше білімді қажет ететін оқушылар бар сыныптарда қанша оқушыдан болуы керектігі, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін, оқушыға жайлы жағдай құру керектігі туралы мектеп әкімшілігі параллель сыныптарға жылына бір рет жиналыс ұйымдастыру керектігі айтылды.

Мектеп психологы А.Саин биылғы 2021-2022 оқу жылында 4 оқушы барын және ол оқушылармен арнайы бағдарламамен жұмыс жасау керектігін пән мұғалімдеріне ұсыныс ұсынылды. Оқушының денсаулығына байланысты қысқа мерзімді жоспар жеңілдетілген түрде болуы қажет және оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қосымша үйірмелермен қамтылуын, сайыстарға қатыстырылуын ескертілді.

2021-2022 оқу жылындағы ерекше білімді қажет ететін барлығы 4 оқушы мектепте білім алғалы отыр. Жаңа оқу жылында ерекше білімді қажет ететін оқушылар келген жоқ. Олар: 2 «Ә» класс оқушысы Тлегенов Даулет, 4 «Ә» класс оқушысы Бухаев Мерлан, 4 «Б» класс оқушысы Темірбек Ермек, 7 «Ә» класс оқушысы Сариев Диас.

Аталған және тізімде тұрған оқушылармен алдағы уақытта барлық сабақ беретін педагогтар мен мектеп психологтары жеке жұмыстар жүргізуі керектігі ескертілді.

**Қаулы:**

1. 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2 «Ә» класс оқушысы Тлегенов Даулет, 4 «Ә» класс оқушысы Бухаев Мерлан, 4 «Б» класс оқушысы Темірбек Ермек, 7 «Ә» класс оқушысы Сариев Диас ерекше білімді қажет ететін оқушылар қатарында оқытылсын.

Педконсилиум төрайымы

А.Абжалелова

Хатшы

А.Саин



**«№69 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ**  
**Педагогикалық-психологиялық консилиум**  
**Хаттама 2**

Күні: 25.12.2021

Өту орны: мәжіліс залы

Қатысканы: 15

Педагогикалық консилиум төрайымы:

Мектеп директоры – А.А. Абжалелова

**Психологиялық-педагогикалық консилиум тұрақты мүшелері:**

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Кайболдинова К.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Кенжебекова Г.
3. Мектеп психологы: Саин А.
4. Әлеуметтік педагог: Жылқайдарова А.
5. Мектеп дәрігері: Саламатова Н
6. Логопед: Г.Жалгасова

**Психологиялық-педагогикалық консилиум уақытша мүшелері:**

1. 2 «Ә», 4 «Ә» класс жетекшісі Г. Баймуханова
2. 4 «Б» класс жетекшісі Г. Жумашева
3. 7 «Ә» класс жетекшісі Г. Серибаева
4. А.Үбайтжанова математика пәні мұғалімі
5. А.Аскарбекова ағылшын тілі пәні мұғалімі
6. А.Шункеева орыс тілі пәні мұғалімі
7. Г.Сарсепбаева биология пәні мұғалімі
8. Р.Жұбаналы тарих пәні мұғалімі

**Күн тәртібінде:**

1. Инклюзивті оқыту жұмыстарының I жарты жылдық қорытындысы

**Тыңдалды:**

**Логопед: Г.Жалгасова:**

**2 «Ә» класс оқушысы Тлегенов Даулет** жалпы сөйлеу тілінің дамуы III деңгейде. Артикуляциялық және тынысалу жаттығуларын еркін түрде орындайды. Фонематикалық тілінің жасалуы жасының мөлшерімен салыстырғанда артта қалуы байқалады. Ауызекі байланыстырып сөйлегенде сөздік қоры аз. Сөздік қорында көбінесе зат есім, етістік көп кездеседі де сын есім, үстеу таптары аз кездеседі. Берілген суреттер бойынша жеңіл түрдегі мәтіндер құрайды. Сөйлегенде көбінесе тек жәй сөйлемдерді қолданады, құрамалас сөйлемдер сирек кездеседі. «Р» дыбысы машықтандырылды. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамытумен жұмыстар жүргізілуде. Ұсақ моторика қалыпты.

**4 «Ә» класс оқушысы Бухаев Мерлан** жалпы сөйлеу тілінің дамуы III деңгей, дисграфия және дислексия. Артикуляциялық аппарат құрылымы қалыпты. Берілген артикуляциялық және тынысалу жаттығуларын жеңіл түрде орындайды. Фонематикалық естуі және түйсіну қабілетінің баяу дамуының салдарынан баланың сөздің дыбыстық құрамын талдау және топтау дағдылары қалыптаспаған. Берілген сурет бойынша мәтінді көмекпен құрайды. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысы көптеп кездеседі. Мысалға: әріптерді қосып жазу (артық әріп қосу), сөздің дыбыстық-буындық құрамының бұзылуы. Оқу кезінде де бірнеше қиындықтар кездеседі. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамытумен жұмыстар жүргізілуде. Ұсақ моторика қалыпты.

**7 «Ә» класс оқушысы Сариев Диас** КИ-дан кейінгі жағдай, жалпы сөйлеу тілінің III деңгейі. Артикуляциялық аппарат құрылымы қалыпты. Берілген артикуляциялық және тынысалу жаттығуларын жеңіл түрде орындайды. «Р», «Н» дыбыстарын қоюмен жұмыстар жүргізілуде. Сөздік қоры жасына сәйкес келмейді. Берілген тақырып пен суреттер бойынша сөйлем құрап, мәтін айтуда киналады. Байланыстырып сөйлеу тілімен жұмыстар жүргізілуде. Ұсақ моторика қалыпты.

**А.Аскарбекова ағылшын тілі пәні мұғалімі:**

**4 «Ә» класс оқушысы Бухаев Мерлан** тақырыптық күнтізбелік жоспар мүмкіндігі шектеулі оқушының медициналық көрсеткіші мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып барынша жеңілдетіліп жасалды. Мектеп басшысына бекітілді. Оқу бағдарламасы толық орындалып келеді. Оқулықтағы негізгі мәселерді басшылыққа ұстап, пән бойынша жасалған күнтізбелік жоспарларға негізделе отырып, қысқа мерзімді сабақ жоспары жеңіл түрде құрылды, ондағы тапсырмалар да жеңілдетілген көлемде болды.



Өзіне-өзі қызмет етуі жете дамымаған. Қойылған талаптарды қабылдайды, тәртібі мектеп ережесіне сай. Оқу материалын қабылдауы төмендеу. Зейіні тұрақсыз, ойлау қабілеті баяу. Мінезі алғашқы кездері тұйықтау болғанымен кейін ашылды, көңіл – күйі тұрақты. Қоршаған орта туралы түсінігі бар, айналасындағы адамдармен тіл табысуы жақсы, қарым - қатынасы жақсы.

Мерланның сабақ барысында жұмыс жасауы басқа оқушыларға қарағанда сәл баяндау. Жазбаша тапсырмаларға қарағанда ауызша тапсырмалармен жұмыс жасағанды ұнатады. Мерланның және де басқа оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ашу мақсатында сабақтың бастапқы бөлімінде музыкалық шкатулка әдісін пайдаланып отырдым. Жаңа сөздерді ойын әдісін пайдаланып жеткізіп отырдым. Жеңілдетілген тапсырмалар беру арқылы Мерланның білім деңгейін бақылап отырдым.

Ағылшын тілі пәні бойынша мәтіндік тапсырмаларды орындауда көмек қажет етеді. Өткен тақырыптар бойынша дыбыстар мен әріптерді меңгерген. Сөздерді буындап және тұтас жүргізіп оқиды. Ауызша мазмұн бойынша сөздік қоры көп емес.

Жалпы динамикалық дамуы жағынан қарағанда, Мерланның денсаулығы жақсы. Кластастарымен сыйластығы да керемет. Сабақтан тыс оқушылардың көңіл күйін көтеру мақсатында жаңа жылдық мейрамда құпия дос ойынын өзімнің тобымен ойнадым. Мерланди белсене қатысып өзіне түскен жанға сыйлығын сыйлады. Оқушылар керемет әсер алды.

Бірінші жарты жылдықта жасалған жұмыстар барысын алдағы жарты жылдықта да жалғасын тауып, баланың психологиялық, физиологиялық жағдайын ескере отырып, біліммен қатар, тәрбие беруді жауапкершілікпен жалғасын табады деп сенемін.

#### **А.Шункеева орыс тілі пәні мұғалімі:**

**Ученик 7 «Ә» класа Сариев Диас** был оценен по итогам 1 четверти 2021-2022 учебного года оценкой «4» (хорошо). Диас аккуратный, требовательный к учебе хороший ученик. Своевременно выполняет поставленные задания. Внимание Диаса стабильное, скорость восприятия материала замедленная, но мотивация к занятиям хорошая.

Во время занятий, с целью повышения интереса Диаса, стараюсь использовать различные приемы и методы. Может дать краткую информацию о себе без затруднений.

Упражнение подобраны в силу его способности, чтобы быстро не устать.

Первые 2 занятия 1 четверти были посвящены повторному курсу 6 класса с целью восполнения пробелов. На 2-м уроке повторного курса была получена нулевая Контрольная работа, результат на хорошем уровне. Очень хорошая мотивация ученика к занятиям, ответственность. Согласно календарно-тематическому плану проводим, контрольные работы СОР, СОЧ.

Есть не большие пробелы в знаниях, над которыми мы работаем. По литературе необходимо развить разговорную речь, побольше уделить внимание на пересказ текстов, заучиванию переводов слов, обогащению словарного запаса слов. Так как имеется языковой барьер у Диаса. Но в данном направлении ведётся дополнительная работа по восполнению пробелов в знаниях данного ученика

#### **Г.Сарсенбаева биология пәні мұғалімі:**

2021-2022 оқу жылында жаратылыстану пәнін үйден оқыту бойынша 6 «А» сынып оқушысы Оразғалиев Газизге аптасына 1 сағат сабақ беремін. Тақырыптық күнтізбелік жоспар мүмкіндігі шектеулі оқушының медициналық көрсеткіші мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып барынша жеңілдетіліп жасалды. Оқу бағдарламасы толық орындалды. Оқулықтағы негізгі мәселерді басшылыққа ұстап, пән бойынша жасалған күнтізбелік жоспарларға негізделіп отырып, сабақ жоспары жеңіл түрде құрылды.

6 «А» сыныбында оқитын оқушы Оразғалиев Газиз 2021-2022 оқу жылының 1 жарты жылдық қорытындысы бойынша «4» (жақсы) деген бағамен бағаланды. Газиз ұқыпты, оқуға деген талабы жақсы оқушы. Берілген тапсырмаларды уақытылы орындайды, мұғалімнің келуін асыға күтіп отырады. Оқушы жалпыға ортақ бағдарламамен оқуға қиынсынбайды. Газиздің зейіні тұрақты, есте сақтау қабілеті жақсы, материалды қабылдау жылдамдығы баяулау, бірақ сабаққа ынтасы жақсы. Сабақ барысында, Газиздің қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі тапсырмаларды қолдануға тырысамын. Газизге үй тапсырмасын жеңілдетілген түрде беріп отырмын. Қойылған сұрақтарға толық жауап беруге тырысады. Қосымша тапсырма ретінде OnlineMekter платформасына да сабақтар жүктеліп, күнделікті тақырып бойынша сабақ материалдарын қарап, өз бетімен орындайды. Тез шаршатпау мақсатында денсаулық ерекшеліктеріне оқушымен тым ұзақ уақыт жұмыс жасамадым. Оқушының сабаққа деген ынтасы, жауапкершілігі өте жақсы.

#### **Р.Жұбаналы тарих пәні мұғалімі:**



2021-2022 оқу жылында үйде оқыту бойынша 6 а сынып оқушысы Оразғалиев Газизге тарих пәнінен сабақ беремін. Оқыту, жеке оқу жұмыс жоспарына сәйкес 6- сыныптың жалпы білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті негізгі орта білім беру стандартына сәйкес оқу жылының ұзақтығы Қазақстан және Дүниежүзі тарихынан 34 оқу аптасын құрайды.

Тақырыптық күнтізбелік жоспар мүмкіндігі шектеулі оқушының медициналық көрсеткіші мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып барынша жеңілдетіліп жасалды. Оқу бағдарламасы толық орындалды. Оқулықтағы негізгі мәселерді басшылыққа ұстап, пәндер бойынша жасалған күнтізбелік жоспарларға негізделе отырып, сабақ жоспары жеңіл түрде құрылды.

Оқушының тіл байлығы жақсы, қаламды ұстап жаза алады, оқулықтағы мәтінді жақсы оқи алады, бірақ кей кезде шаршағандығы байқалады. Сабақты бастамас бұрын баланың денсаулық жағдайымен танысып, сабаққа дайындығын тексеріп алып, сергіту жаттығуын орындаймыз, сабақ кезінде қызығушылығын ояту мақсатында слайд, видео сияқты түрлі көрнекіліктер қолданамын. Оқулық, слайдтағы тарихи суреттерін көрсетіп әңгімелеймін, сызба сызамыз. Газиз картамен жұмыс жасағанды өте жақсы көретінін байқап, сабағымды қызықтыру мақсатында картаға көп көңіл бөлемін.

Оқушы сабаққа қатысты тақырыптарды интернет желісі арқылы Ресейде жолдастарымен бөлісіп отыратыны мені қатты таңқалдырды.

«а» сыныбында оқитын оқушы Оразғалиев Газизді жартыжылдық қорытындысы бойынша «4» (жақсы) деген бағамен бағаланды.

Газиздің ата-анасымен үнемі байланыста болып, баланың көңіл күйімен, берілген тапсырмалармен де бөлісіп отырдым.

Оқу жоспары бойынша барлық бағдарламаларды өткіздім.

№ р/с	Айы Күні	Оқушының аты мен тегі	БЖБ	ТЖБ	%	ТЖБ %	%	1 т
			м.б. 10	м.б. 25				
1		Оразғалиев Газиз	8	12	44,4	24,0	68	4

№ р/с	Айы Күні	Оқушының аты мен тегі	БЖБ	ТЖБ	%	ТЖБ %	%	2 т
			м.б. 10	м.б. 25				
1		Оразғалиев Газиз	8	14	37,5	28,0	66	4

#### **А. Үбайтжанова математика пәні мұғалімі:**

6 «А» сыныбында оқитын оқушы Оразғалиев Газиз 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдық қорытындысы бойынша «4» (жақсы) деген бағамен бағаланды. Газиз ұқыпты, оқуға деген талабы жақсы оқушы. Берілген тапсырмаларды уақытылы орындайды, мұғалімнің келуін асыға күтіп отырады. Оқушы жалпыға ортақ бағдарламамен оқуға қиынсынбайды. Газиздің зейіні тұрақты, материалды қабылдау жылдамдығы баяулау, бірақ сабаққа ынтасы жақсы. Сабақ барысында, Газиздің қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі есептерді қолдануға тырысамын. Өзі жайлы қысқаша мәліметті қиналмай бере алады. Тез шаршатпау мақсатында денсаулық ерекшеліктеріне оқушымен тым ұзақ уақыт жұмыс жасамадым. Газиз екі таңбалалы сандарды бір таңбалы сандарға көбейтуде қиналады. Газизді оқытудағы кездесетін қиыншылығы – оның тез шаршап қалуы.

1 тоқсанның алғашқы 3 сабағы олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында 5-сыныпты қайталау курсына арналды. Газизбен «Жай бөлшектерге амалдар қолдану; Оңдық бөлшектер және оларға амалдар қолдану; Пайыз» тақырыптары бойынша кенірек жұмыстар жасалды. Қайталау курсының 3-ші сабағында нөлдік бақылау жұмысы алынды, нәтижесі жақсы деңгейде. Оқушының сабаққа деген ынтасы, жауапкершілігі өте жақсы.

2 тоқсанда Газизбен басымдылық танытып, жұмыстанған тақырыптар: «Рационал санды шексіз периодты оңдық бөлшек түрінде беру. Шексіз периодты оңдық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру», «Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану», «Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Тепе-теңдік», «Алгебралық өрнектерді түрлендіру». Қойылған сұрақтарға толық



жауап беруге тырысады. Қосымша тапсырма ретінде OnlineMектеп платформасына да сабақтар жүктеліп, күнделікті тақырып бойынша сабақ материалдарын қарап, өз бетімен орындайды.

Үй тапсырмасы әр сабақтан соң беріліп отырды. Газиз сабақ аяқталған соң үнемі күнделікті тапсырмаларды орындап көрсетеді.

І жарты жылдық бойынша Газиздің үлгерімі жақсы. Алдағы оқу тоқсанында қосымша тапсырмалар арқылы оқушымен жұмыстану жоспарланып отыр.

#### 7 «Ә» класс жетекшісі Г. Серибаева:

2021-2022 оқу жылында үйден оқыту бойынша 15.09.2007 жылы туылған 7ә сынып оқушысы Алтайұлы Ибрахимнің класс жетекшімін әрі пән мұғалімімін. Тақырыптық күнтізбелік жоспар мүмкіндігі шектеулі оқушының медициналық көрсеткіші мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып барынша жеңілдетіліп жасалды. Мектеп басшысына бекітілді. Оқу бағдарламасы толық орындалып келеді. Оқулықтағы негізгі мәселерді басшылыққа ұстап, пән бойынша жасалған күнтізбелік жоспарларға негізделі отырып, қысқа мерзімді сабақ жоспары жеңіл түрде құрылды, ондағы тапсырмалар да жеңілдетілген көлемде.

Оқушының тіл байлығы бар, қаламды кішкене уақыт қана ұстайды, сосын шаршайды. Сабақты бастамас бұрын сергіту жаттығуын орындаймыз, сабақ кезінде видео, аудио пайдаланса, сабаққа қызығушылығы артады. Көбіне ойын әдістерін қолдануға тырысамын, себебі, сабақ кезінде тез жалығады. Қол еңбегін жетілдіру үшін сурет салуға тырысамыз.

Үлгерімі екпінді қатарында. Бірінші және екінші тоқсандағы оқу үлгерімін төмендегі кестеден көруге болады

Қорытынды бағалар	Алгебра	Биология	География	Геометрия	Шығармашылық	Дүниетану	Информатика	Қазақ әдебиеті	Қазақ тілі	Қазақстан тарихы	Орыс тілі және әдебиеті	Физика	Химия	Шетел тілі
1 тоқсан	5	4	5	5	БОС	-	-	4	4	4	4	-	-	4
2 тоқсан	5	4	5	4	БОС	4	4	4	4	4	4	4	4	4

Ибрахим жыл басынан бері салыстырғанда көңіл күйі тез өзгермелі, тез шаршап, сабаққа зауқы аз байқалады. сабақ барысында тез алаңдап кетеді, тез шаршап, аяғы тез талады, қолы тез шаршайды, сол себепті сәл демалыс беруді өзі сұрайды.

Пән мұғалімдерімен, ата анасымен үнемі байланыстамын. Көп балалы отбасы статусына жатады. Аптасына бір, екі рет барып тұрамын. Баланың қамқорлығымен әкесі, анасы, әжесі, бауырлары айналысып отыр. Ибрахим өзі коляскада және диванда жатады.

Сабақ үлгерімі жақсы, сабақта тез шаршап қалғанымен, логикалық ойлау қабілеті жоғары, есептерді, пазлдарды тез шығарады, проблемалық сұрақтарға оңай жауап табады. Ағылшын тілінде сөздер оқи алады.

Сабақтан бос уақытында Ибрахим теледидар қарап, ұялы телефонда ойнайтынын ашық айтты. Мектеп тарапынан берілген ноутбукте ойындар ойнап, шахмат, пазлдар, желілік стратегиялық ойындар ойнатынын жасырмады. Кітаптардан тек құран кітабын оқиды. Араб тілін үйреніп жүр. Ата анасы да өзі де ислам дінін ұстанады, сол себепті ешқандай әдеби, музыкалық, сыныптан тыс шараларға қатыспайды.

Болашаққа мақсаттары бар. Өзіндік арманы бар. Өзілді сүйеді. сабақтан тыс уақытта әңгімелер айтамыз, сырласамыз, әзілдесеміз.

І жарты жылдықта Ибрахиммен бірнеше жұмыстар жасалды. Карантиндің шараларға сәйкес келсе де үйіне баруға тырысып жүрдім. Қайырымдылық акциялары кезінде өзіне сыйлықтар жасалды. Мектеп тарапынан да пакеттермен азық түлік, киімдей апарып жүрдім.

Жалпы динамикалық дамуы жағынан қарағанда, Ибрахимнің денсаулығы бір қалыпты. Бірақ жылдан жылға қолы мен аяғында әлсіздік байқалады. Сөйлеу дағдысы қалыптасқанмен, кейде сөздерді дұрыс айтуда киналады, сөйлегенде де тез шаршайды. Оқшауланғанды ұнатады. Туған күніне класс оқушыларын апарып, сыйлық жасап, әңгіме дүкен құрғанда да ұялып, жасқанып, балалармен араласа алмады.

Физиологиялық дамуында да бірталай өзгерістер байқалады. Дауысы жуандаған, бұрынғыдай ашылып әңгіме айтпайды. Бірінші тыңдап алып, аз ғана сөзбен жауап қайтара салады. Ата анасымен, бауырларымен жақсы қарым қатынаста. Өзінен кіші інілері үнемі заттарды апарып, алып келіп, Ибрахимнің жағдайын жасап отырады. Өздігінен адамдардың көмегісіз Ибрахим іс жасай алмайды.

Ата анасы Ибрахимнің денсаулығын үнемі назарда ұстап, әр түрлі дәрумендер беріп, сауықтыру, оңалдыру орталықтарына апарып тұрады. Сәл наукастанып, тұмау, т.б аурулар белгісі байқалса, анасы Рима бірден маған қоңырау шалып, пән мұғалімдерінің келмеуін сұрайды. Ол кезде пән мұғалімдері онлайн мектеп платформасына сабақ салып, қашықтан оқытады.



Бірінші жарты жылдықта жасалған жұмыстар барысын алдағы жарты жылдықта да жалғасын тауып, үйден оқытудың ерекшеліктері мен баланың психологиялық, физиологиялық жағдайын ескере отырып, біліммен қатар, тәрбие беруді жауапкершілікпен жалғасын табады деп сенемін.

**А.Шункеева орыс тілі пәні мұғалімі:**

В начале учебного года был составлен календарно-тематический план работы индивидуального обучения на дому ученика **Алтайұлы Ибрагим**.

Всего по плану за 1 неделю проводится 2 часа урока русского языка и литературы.

Алтайұлы Ибрагим обучается на дому. Ибрагим. аккуратный, требовательный к учебе хороший ученик. Своевременно выполняет поставленные задания, с нетерпением ждет приезда учителя. Учащийся не испытывает затруднений в обучении по всеобщей программе. Внимание Ибрагима стабильное, скорость восприятия материала замедленная, но мотивация к занятиям хорошая.

Данный ученик за это полугодие заметно улучшил свои знания по русскому языку научился правильно определять род, число, падеж имени существительного, а так же определять разряды местоимения.

Согласно календарно-тематическому плану проводим диктанты, тестирования, контрольные работы СОР, СОЧ.

Есть не большие пробелы в знаниях, над которыми мы работаем. По литературе Алтайұлы Ибрагим необходимо развить разговорную речь, побольше уделить внимание на пересказ текстов ,заучиванию переводов слов ,обогащению словарного запаса слов.

Первое полугодие он закончил хорошо по русскому языку и литературе, но в данном направлении ведётся дополнительная работа по восполнению пробелов в знаниях данного ученика.

**Г.Сарсенбаева биология пәні мұғалімі:**

2021-2022 оқу жылында биология пәнін үйден оқыту бойынша 7 «Ә» сынып оқушысы Оразғалиев Ғазизге аптасына 1 сағат сабақ беремін. Тақырыптық күнтізбелік жоспар мүмкіндігі шектеулі оқушының медициналық көрсеткіші мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып барынша жеңілдетіліп жасалды. Оқу бағдарламасы толық орындалды. Оқулықтағы негізгі мәселерді басшылыққа ұстап, пән бойынша жасалған күнтізбелік жоспарларға негізделіп отырып, сабақ жоспары жеңіл түрде құрылды.

7 «Ә» сыныбында оқитын оқушы Алтайұлы Ибрагим 2021-2022 оқу жылының 1 жарты жылдық қорытындысы бойынша «4» (жақсы) деген бағамен бағаланды. Ибрагим ұқыпты, оқуға деген талабы жақсы оқушы. Берілген тапсырмаларды уақытылы орындайды, мұғалімнің келуін асыға күтіп отырады. Ибрагимнің зейіні тұрақты, есте сақтау қабілеті төмен, материалды қабылдау жылдамдығы баяулау, бірақ сабаққа ынтасы жақсы. Сабақ барысында, оқушының тіл байлығы орташа, қаламды ұстап жаза алады, оқулықтағы мәтінді баяу оқи алады, тек тез шаршайды. Сабақты бастамас бұрын баланың денсаулық жағдайымен танысып, сабаққа дайындығын тексеріп аламын, сабақ кезінде қызығушылығын ояту мақсатында слайд, видео сияқты түрлі көрнекіліктер қолданамын. Оқулық, слайдтағы биология суреттерін көрсетіп әңгімелеймін, сызба сызамыз. Қосымша тапсырма ретінде OnlineMектеп платформасына да сабақтар жүктеліп, күнделікті тақырып бойынша сабақ материалдарын карап, өз бетімен орындайды. Тез шаршатпау мақсатында денсаулық ерекшеліктеріне оқушымен тым ұзақ уақыт жұмыс жасамадым. Оқушының сабаққа деген ынтасы, жауапкершілігі өте жақсы.

**Қаулы:**

1. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен педагогикалық-психологиялық консилиумде қарастырылған ұсыныстарды ескере келе, одан әрі түзету-дамыту жұмыстарын жалғастыру.

**Педконсилиум төрайымы**

**А.Абжалелова**

**Хатшы**

**А.Санин**



**«№69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ  
Педагогикалық-психологиялық консилиум  
Хаттамасы №3**

**Күні:** 29.04.2022 ж

**Қатысқаны:** 12

**Күн тәртібінде:**

1. Ерекше білім беру қажеттілігіне ие балаларға білім беру нәтижесі
2. Ерекше білім алушылардың мектепшілік, қалалық, облыстық іс-шараларға қатысуы, мектепшілік ұйымдастырылған акция нәтижесі.

**Тыңдалды:**

Мәжіліске консилиум тұрақты мүшелері мен класс жетекшілер, барлығы 12 адам қатысты. №69 жалпы білім беретін мектебінде 2022 жылдың 29-сәуірінде мектеп директоры А.Абжелелованың басшылығымен жоспарлы психологиялық-педагогикалық консилиум өтті. Мәжілісті мектеп басшысы алғы сөзбен ашып берді.

Мәжілісте бірінші болып сөз алған мектептің оқушылардың үйде және ерекше біліммен қамту жұмысына жауапты маман, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары К.Кайболдинова 2021-2022 оқу жылында 2 оқушы үйде оқытылатыны және 4 оқушы ерекше біліммен қамтылды.

Оның ішінде, Темірбек Ермекке мәслихат депутаты Жумашев Асланның демеушілігімен азық-түлікпен көмек және Ақтөбе қаласының әкімінің атынан жаңа жылдық сыйлық берілді. Жалпыға білім беру қорынан №69 ЖББОМ бойынша аз қамтылған көп балалы отбасы балларына Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп сөмкесі, оқу құралдары, спорттық киімдер берілді. Сонымен қатар, Бұхаев Мерлан, Тлегенов Даулет, Савриев Диас, Оразғалиев Ғазизге Ақтөбе қалалық білім бөлімінен жаңа жылдық сыйлық табыс етілді.

Екінші мәселе бойынша К.Кайболдинова сөз алды.

-Биылғы оқу жылында ерекше білім алушылардың ешқайсысы мектепшілік, қалалық, облыстық іс-шараларға қатысқан жоқ.

**Қаулы:**

1. Ерекше білім беру қажеттіліктегі балаларды тереңірек танып білу, оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жасау керек.
2. Ерекше білім алушылардың түрлі іс-шараларға қатыстыру міндеттелсін.

**Психологиялық-педагогикалық  
консилиум төрайымы**

**Хатшы**



**А.Саип**

**А.Абжелелова**